

**ШЖҚ «МАТЕРИАЛДЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҒИМАРАТТАРЫ ДИРЕКЦИЯСЫ» РМҚ**

ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

**ШЖҚ «Материалдық техникалық қамтамасыз ету басқармасының
әкімшілік ғимараттары дирекциясы» РМҚ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты**

Ст-МТҚБ ӘҒД -09/27

Астана қаласы, 2024 жыл

ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ
ШЖҚ «Материалдық техникалық қамтамасыз ету басқармасының
әкімшілік ғимараттары дирекциясы» РМҚ
сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

ШЖҚ «Материалдық - техникалық
қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік
ғимараттары дирекциясы» РМҚ
директорының 2024 жылғы «31» қазтар
№ 16 бұйрығымен бекітілген

1. Жалпы ережелер

1. Осы ШЖҚ «Материалдық техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» РМҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі - Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты ШЖҚ «Материалдық техникалық қамтамасыз ету басқармасының әкімшілік ғимараттары дирекциясы» РМҚ-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) қызметінде сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты және сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеті тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық пен Кәсіпорын басшылығының (директор және оның орынбасарлары) және Кәсіпорын қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін жүзеге асыру кезінде жауапкершілігін қалыптастыру болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Кәсіпорынның барлық жұмыскерлері орындауға міндетті.

2. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау

5. Кәсіпорынның басшылығы мен жұмыскерлері өз қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру барысында:

1) жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моралдық-этикалық нормаларды сақтауға, сыпайылық пен дұрыстықты көрсетуге;

2) бос іс-әрекеттер фактілеріне жол бермеуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін және сұрау салуларын қарауға;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдердің қабылдануының ашықтығын қамтамасыз етуге;

4) өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін заңды және жеке тұлғалардан сыйақы, оның ішінде ақшалай қаражатты, қызметтерді, сыйлықтарды, тауарларды қабылдамауға;

5) басқа жеке және заңды тұлғалардың қызметіне заңсыз араласуға жол бермеуге міндетті.

6. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау барысында:

1) жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қолдау және әріптестерінен сақтауды талап ету;

2) бағынысты жұмыскерлері міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін нақты және анық айқындау;

3) бағынысты жұмыскерлері арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;

4) бағынысты жұмысшылардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділеттілік пен объективтілік көрсету;

5) орындалмайтыны анық немесе жұмыскердің лауазымдық міндеттерінің шеңберінен шығатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін өкімдер бермеуге;

6) қызметтік емес сипаттағы мәселелер шешілу барысында қызметтік лауазымын бағынысшылардың қызметіне ықпал ету үшін пайдаланбауға; бағынысшыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;

7) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын Кәсіпорынның бағынысшылары мен басқа да жұмыскерлердің бұзу фактілеріне жол бермеуге және жолын кесу;

8) жұмыскерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығыстарын реттеу бойынша уақтылы шаралар қабылдауға;

9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою.

7. Қызметтік міндеттерді орындау барысында:

1) еңбек тәртібін қатаң сақтау, Кәсіпорынның лауазымдық нұсқаулары мен ішкі құжаттарына сәйкес өз қызметтік міндеттерін адал және сапалы орындау, жұмыс уақытын тиімді және ұтымды пайдалану;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметтік және құпия сипаттағы мәліметтерді, мемлекеттік құпияларды және қызметтік міндеттерін орындау кезінде алынған өзге де ақпаратты құпиялылықты сақтауға және үшінші тұлғаларға жария етпеу;

3) қызметтік және таратуға жатпайтын өзге де ақпаратты мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында пайдаланбау;

4) Кәсіпорынның тікелей басшысына/басшылығына немесе компаенс-офицерге мүдделер қақтығысының туындауы, сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа итермелеу және сыйлықтар алу туралы баяндау;

5) Кәсіпорын басшылығына немесе егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысы болса, сәйкестік жөніндегі офицерге жүгіну;

6) өздерінің қызметтік өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерін жеке мүліктік және мүліктік емес пайда алу үшін пайдаланбау;

7) Коррупциялық құқық бұзушылықтың дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалғандығы туралы Кәсіпорынның тікелей басшысына/басшылығына немесе компаенс-офицерге тез арада хабарлау;

8) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға итермелеу және ынталандыру;

9) ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау.

8. Кадрларды іріктеу барысында:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасының және Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау;

2) жұмысқа қабылдау барысында Кәсіпорын жұмыскерді қойылатын негізгі міндеттерді, тыйым салулар мен шектеулерді түсіндіру;

3) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке адалдық белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу;

4) Кәсіпорын жұмыскерлері жеке деректері туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға негізсіз беруге жол бермеу.

9. Кәсіпорынның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуына байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында:

1) мемлекеттік сатып алулар үшін пайдаланылатын ақша қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;

3) егер осы ықтималды жеткізушінің бірінші басшысының немесе осы ықтималды жеткізушінің уәкілетті өкілінің жақын туыстары, зайыбы (жұбайы) немесе жекжаттары жүргізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс беруші немесе ұйымдастырушының өкілдері болса немесе жеткізушіні тандау туралы шешім қабылдау құқығына иелік етсе, жүргізілетін мемлекеттік сатыу алуға қатысуға жол бермеу.

10. Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау барысында:

1) әзірленіп жатқан ішкі нормативтік құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына және Кәсіпорын Жарғысына сәйкес келмеуіне жол бермеуге;

2) сыбайлас жемқорлық факторлары немесе олардың белгілері бар нормаларды пайдаланбауға;

3) ішкі құжаттарды әзірлеу барысында өздеріне немесе үшінші тұлғалардың мүдделеріне пайда алу мақсатында нормаларды қабылдауға жол бермеу.

3. Басқа да шектеулер мен тыйымдар



11. Мыналарға тыйым салынады:

- 1) Кәсіпорынның материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарын және өзге де мүлкін қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;
- 2) кез келген қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;
- 3) өздерінің материалдық мүдделерін немесе жақын туыстары мен жекжаттары мүдделерін қанағаттандыруға байланысты мәселелерді шешу барысында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін пайдалану;
- 4) бағынысштыларды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды, сондай-ақ жалпы қабылданған моралдық-этикалық нормалармен үйлесімсіз әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу.

4. Жауапкершілік

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Кәсіпорынның жұмыскерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта тікелей көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.
14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылау Кәсіпорын басшылығына, Кәсіпорын құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына және Кәсіпорынның комплаенс-офицеріне жүктеледі.

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6
1	Муварова Л.С.	ҮжБ ҚМ баспасы		31.01.24	
	Кенжетелін А.А.	ес баямға		31.01.24	

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ р/с	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Қолы	Күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6
1	Тұманбаева	Коллекционер	